«ИНДЕР АУДАНДЫҚ БІЛІМ, ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА ИМЕНИ Ш.ВАЛИХАНОВА ИНДЕРСКОГО РАЙОННОГО ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

02.09.19 №80

Индербор кенті поселок Индербор

**Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 8-бабының 4-1тармағын,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 казандағы №598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру,сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда,жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы мен аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 29 желтоқсандағы кезекті XXX сессиясының шешімімен бекітілген №243 VI «2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мектеп бойынша 1-4 сынып оқушыларына және әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға бөлінген қаржы көлемінде тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылсын.

2.Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығын бұлжытпай орындауды,мектептегі бракераждық комиссияның жұмысына жүйелі бақылауды жүзеге асыру (күн сайын әзірленген дайын тамақтың сапасын,тамақтың дайындалу кезіндегі тазалықтың сақталуы,оның біркалыпты ыстық күйде болуын,тағамның өлшемі мен дайындалу технологиясының бекітілген ас мәзіріне сай болуы) қадағалау, алынатын азық-түлік өнімдерінің сапалы және отандық тауар болуын бақылауға алу, дәруменді-минералды кешенмен байытылған тамақ өнімдерін оқушыларды тамақтандыру рационына енгізу,мектеп ембикесі С.Тұрғалиеваға жүктелсін.